

"Шымкент қаласы бойынша әлеуметтік мәні бар қатынастардың тізбесін айқындау туралы" Шымкент қаласы мәслихатының 2019 жылғы 11 желтоқсандағы № 58/506-6с шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Шымкент қаласы мәслихатының 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 60/522-6с шешімі. Шымкент қаласының Әділет департаментінде 2020 жылғы 13 ақпанда № 87 болып тіркелді

"Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес, Шымкент қаласының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Шымкент қаласы бойынша әлеуметтік мәні бар қатынастардың тізбесін айқындау туралы" Шымкент қаласы мәслихатының 2019 жылғы 11 желтоқсандағы № 58/506-6с (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 76 тіркелген, нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 19 желтоқсанда жарияланған) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Шымкент қаласының мәслихаты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімді Шымкент қаласының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімі мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін ресми жариялау үшін Шымкент қаласында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарына жіберуді;

3) ресми жарияланғаннан кейін Шымкент қаласы мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтезбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шымкент қаласы
мәслихаты сессиясының төрағасы*

*Шымкент қаласы
мәслихатының хатшысы*

Н. Жанабаев

Г. Ташкараев

Шымкент қаласы мәслихатының
2020 жылғы 31 қаңтардағы
№ 60/522-6с шешіміне қосымша
Шымкент қаласы мәслихатының
2019 жылғы 11 желтоқсандағы
№ 58/506-6с шешіміне қосымша

Шымкент қаласының әлеуметтік мәні бар қатынастар тізбесі

№	Маршруттың нөмірі	Қатынастар
1	10	"Нұртас" шағынауданы – "Новинка" дүкені
2	16	"Шаңырақ" шағынауданы – "Тұрсынбаев" көшесі
3	21	"Құрсай" шағынауданы – "Айқап" шағынауданы
4	23	"Құртаев" көшесі – "Орман шаруашылығы" шағынауданы
5	45	"Достық" шағынауданы – "Теміржол вокзалы" аялдамасы
6	55	"Ыңтымақ" шағынауданы – "Ордабасы" алаңы – "Жоғарғы базар" аялдамасы
7	96	"Қазығұрт" шағынауданы (Талдыкөл) – "Азат" шағынауданы
8	108	"Ордабасы" алаңы – "Шымкент Сити" шағынауданы
9	113	"Мамандырылған база" аялдамасы – "Нұрсат 3" шағынауданы
10	133	"Алаш" базар – "Оңтүстік" шағынауданы
11	138	"Шикізат базасы" аялдамасы – "Тұрлан" шағынауданы (саяжай)
12	139	"Ордабасы" алаңы – "Сайрам" шағынауданы
13	141	"Қазығұрт" шағынауданы (кірпіш зауыты) – "Мирас" шағынауданы
14	142	"Текесу" шағынауданы – "Ордабасы" алаңы
15	143	"Бадам-2" шағынауданы – "Радуга" дүкені
16	144	"Теміржол вокзалы" аялдамасы – "Айнатас" шағынауданы, "Елтай" шағынауданы, "Жыланбұзған" шағынауданы
17	146	"Жанаталап" шағынауданы, "Көкбұлақ" шағынауданы, "Алтынтөбе" шағынауданы – "Ақжайық" шағынауданы
18	147	"Нұртас" шағынауданы – "Ақжар" шағынауданы, "Ақтас" шағынауданы
19	148	"Шапырашты" шағынауданы, "Өтеміс" шағынауданы – "Ақбар" базары
20	149	"Қайнар бұлақ" шағынауданы- "Асар 2" шағынауданы – "Достық 2" шағынауданы – "Жеңіс" саябағы
21	150	"Достық" шағынауданы, "Асар" шағынауданы – "Теміржол вокзалы" аялдамасы
22	152	"Алаш" базары – "Фосфор" ауруханасы
23	153	"Оңтүстік" шағынауданы – "Қорғасын" шағынауданы
24	158	"Самал" шағынауданы– "18 шағынауданы" аялдамасы – "Орталық емхана" аялдамасы (айналым бойынша)
25	171	"Бозарық" шағынауданы– "Тұран" шағынауданы – "Алаш" базары – "Теміржол вокзалы" аялдамасы
26	180	"Көкбұлақ" шағынауданы, "Жанаталап" шағынауданы – "Кірпіш зауыты" аялдамасы
27	182	"Мешіт" аялдамасы – "Азат" шағынауданы
28	191	"Самал 3" шағынауданы (№87 мектеп) – "Оңтүстік" шағынауданы